

**ISSN 2523-4684**  
**e-ISSN 2791-1241**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ  
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY  
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ  
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми  
журналы

scientific  
journal

научный  
журнал

# ARTS ACADEMY

---

**3 (3) 2022**

Қыркүйек 2022  
September 2022  
Сентябрь 2022

---

2022 жылдың наурыз  
айынан шыға бастады  
published since March 2022  
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады  
published 4 times a year  
выходит 4 раза в год

Астана қаласы  
Астана city  
город Астана

### **Редакциялық алқаның төрағасы**

**Асылмұратова А.А.** - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

### **Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары**

**Нүсіпжанова Б. Н.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

### **Бас редактор**

**Толысбаева Ж.Ж.** - филология ғылымдарының докторы, профессор.

### **Редакциялық алқа**

**Кульбекова А.К.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

**Саитова Г.Ю.** - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

**Ізім Т.О.** - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

**Жумасейтова Г.Т.** - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

**Казашка В.** - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

**Вейзанс Э.** - PhD (Латвия);

**Туляходжаева М.Т.** - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

**Фомкин А.В.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

**Дзагания И.** - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

**Таптыгова Е.** - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

**Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.**

**ISSN 2523-4684**

**е ISSN 2791-1241**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

**№ KZ77VPY00045494 куәлік.**

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

### **Chairman of the Editorial Board**

**Asylmuratova A. A.**

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

### **Deputy Chairman of the Editorial Board**

**B.N. Nusipzhanova**

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

### **Editor-in-Chief**

**Zh.Zh. Tolysbaeva**

- Doctor of Philology, Professor.

### **Editorial Board**

**A.K. Kulbekova**

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

**G.Yu. Saitova**

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

**T.O. Izim**

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

**G.T. Zhumaseitova**

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

**V. Kazashka**

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

**E. Veizans**

- PhD (Latvia);

**M.T. Tulyakhodzhayeva**

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

**A.V. Fomkin**

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

**I. Dzagania**

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

**E. Tapygova**

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

**Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2022**

#### **Председатель редакционной коллегии**

**Асылмуратова А. А.** - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

#### **Заместитель председателя редакционной коллегии**

**Нусипжанова Б.Н.** - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

#### **Главный редактор**

**Толысбаева Ж.Ж.** - доктор филологических наук, профессор.

#### **Редакционная коллегия**

**Кульбекова А.К.** - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

**Саитова Г.Ю.** - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

**Ізім Т.О.** - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

**Жумасейтова Г.Т.** - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

**Казашка В.** - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

**Вейзанс Э.** - PhD (Латвия);

**Туляходжаева М.Т.** - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

**Фомкин А.В.** - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

**Дзагания И.** - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

**Таптыгова Т.** - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

**Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2022**

**ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР  
CHOREOGRAPHY ARTS  
ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЕ ИСКУССТВО**

**FTAХР 18.49.09  
ӘОЖ 792.071**

**DOI:10.56032/2523-4684.2022.3.3.5**

*Ізім Тойған Оспанқызы<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)*

**ҰЙҒЫР ХАЛЫҚ БИ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ  
ГУЛЬНАРА САИТОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
РОЛІ**

**Аннотация**

*Мақалада, Қазақстан би өнеріне, соның ішінде ұйғыр халқының би мәдениетін зерттеп, зерделеп жүрген Г. Саитованың шығармашылық, педагогикалық еңбек жолы қарастырылған. Хореографиялық білімді Республикалық эстрада және цирк өнері студиясынан алған (бүгінгі Ж. Елебеков атындағы колледж) білімі мен 1971 жылдан Қ. Қожамьяров атындағы Мемлекеттік академиялық ұйғыр театрында өткізген шығармашылыққа толы жылдары мен кейінгі педагогикалық еңбек жолы да назардан тыс қалған жоқ. Қазақстан хореография өнерін, соның ішінде ұйғыр халқының би мәдениетін зерттеп, зерделеуде үлкен роль атқарып отырған ғалым ретінде Рспубликаға танылып отыр.*

**Түйінді сөздер.** *Хореография, композитор, музыка, би, спектакль, репертуар.*

*Izim Toigan Ospankyzy<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Kazakh National Academy of Choreography  
(Astana, Kazakhstan)*

**GULNARA SAITOVA'S CREATIVE ROLE IN THE  
DEVELOPMENT OF UYGHUR FOLK DANCE ART**

## Annotation

*The article examines the creative and pedagogical path of G. Saitova, who studies the dance art of Kazakhstan, including the dance culture of the Uighur people. Having received choreographic education at the Republican Studio of Variety and Circus Art (now the College named after Zh. Yelebekov), since 1971, the performing and choreographer path has been held at the State Academic Uighur Theater named after K. Kozhamyarov. In Kazakhstan, she is recognized as a scientist who plays an important role in the study of choreographic art, including the dance culture of the Uighur backgammon.*

**Key words.** *Choreography, composer, music, dance, performance, repertoire.*

*Izım Тойған Оспановна<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)*

## ТВОРЧЕСКАЯ РОЛЬ ГУЛЬНАРЫ САИТОВОЙ В РАЗВИТИИ УЙГУРСКОГО НАРОДНОГО ТАНЦЕВАЛЬНОГО ИСКУССТВА

### Аннотация

*В статье рассматривается творческий и педагогический путь Г. Саитовой, изучающей танцевальную культуру уйгурского народа. Хореографическое образование получив в Республиканской студии эстрадного и циркового искусства (ныне колледж им. Ж. Елебекова), с 1971 года исполнительский и балетмейстерский путь была проведена в Государственном академическом Уйгурском театре им. К. Кожамьярова. В Казахстане признана как ученый, который играет большую роль в изучении хореографического искусства, в том числе танцевальной культуры уйгурского народа.*

**Ключевые слова.** *Хореография, композитор, музыка, танец, спектакль, репертуар.*

**Кіріспе.** Түбі бір түркі тілдес халықтардың әрқайсысының өзіндік бір ерекшелігімен дамыған ұлттық сәндік-қолтаңбалы өнері бар. Түрлі ұлт пен халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері, діни ұстанымдары тереңдегі тамыры бір болып, ертеде қаншалықты ұқсастықтар болса, бүгінгі күні

соншалықты айырмашылықтары мен ерекшеліктері бар.

Ізгі ізденістер мен талпыныстардың желісі болған әлем мәдениеті сан ғасырлық даму сатысынан өткен. Жақсысы қалып, әлсізі ұмыт болып, тереңнен тамыр тартқан, дәстүрлі ұлттық мәдениеттің асыл мәйегін бүгінге жеткізіп, сақтау қазіргі заманда адамзатқа міндет болуымен қатар оны қазіргі заман талғамына орай қайта құлпыртып, дамыту, үйлестіру - үлкен іс.

**Зерттеу әдістері.** Осы мақаланы жазу кезінде сипаттамалық және библиографиялық әдістер қолданылды.

**Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу.** Дерек көздеріне жүгінер болсақ қазақтардан негізінен ер адамдар билеген. Оған мысал 1934 жылы Алматы қаласында өткен Бүкілқазақстандық өнерпаздар слетінде бишілердің көп болғанын, соның ішінде ерлердің көп болғанын белгілі артист Қанабек Байсейітов өз естеліктерінде көрсетеді [1, 95 б.].

Ал, ұйғыр халқында негізінен әйел адамдар билеген деген деректер бар. Бұл жөнінде ғалым Г. Саитова: «Ұйғырдың кәсіби би өнері баяғы заманнан, бәлкім біздің дәуірдің басынан буддизм заманынан келе жатқан шығар, оның алғашқы өкпдері бишілер болған, әсіресе әйел бишілер» [2, 6 б.]. Бұл жерде ғалым ұйғыр халқының би мәдениетінің еретеден пайда болып, даму үстінде болғанын айтып отыр.

1934 жылдың қыркүйек айында көрермендер үшін алғаш сахна шымылдығын ашқан театр тарихымен тығыз байланыста дамып келе жатқан ұйғыр халқының сахналық биі бүгінгі күні жоғары тұғырдан көрініп жүр.

XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап хореографиялық білім алған бишілер театрға келе бастады. Алматы хореография училищесінің түлегі Сәлима Асқаровна Акбарова Мәскеу қаласынан А. Луначарский атындағы мемлекеттік театр өнері институтын бітіріп келген алғашқы биші болатын. Сол кезде театрда жұмыс атқарған артистердің естелігінде С. Акбарова театрға келген бетте өз көрермендерін әлем классикасына айналған А. Бородиннің «Князь Игорь» операсындағы

«Половецкие пляски» хореографиялық композициясын сахналаған. Осы кезең театр бишілері үшін сахналық бидің керемет үлгілерін жасауға бет бұрыс болған.

XX ғасырдың 70-жылдарында театр сахнасын келген талантты жастардың ішінен суырылып шығып, саналы өмірі би өнеріне арналған талант иесі Гульнара Юсупжанқызы Саитова жөнінде сыр шертпекпіз.

**Негізгі бөлім.** Г.Ю. Саитова өнерлі отбасынан қанат қағып, дара өнерімен зиялы қауымның көзіне шалынған. Ұлттық бидің ерекшеліктерін насихаттауда жалықпай еңбек етіп келе жатқан өнер иесі.

Г. Саитова 1969-1971 жылдар аралығында Республикалық эстрада және цирк өнері студиясында оқып, білім алған. М.П. Габель, М.Н. Шатловский, Г.Б. Киякова, Р.С. Даулетьярова сынды оқытушылар арнайы пәндерден сабақ берді.

Бұл оқу орыны 1965 жылы жас таланттардға кәсіби білім беру мақсатында ашылған болатын. Сол уақыттағы мәдениет миистрі, белгілі әдебиет снышысы, публисист-жазушы Ілияс Омаров ағамыз бен Қазақ КСР –ның халық артисі, көркемсөз шебері Гүлжихан Ғалиева апамыз ашқан оқу орны талай өнер тарландарын қанаттандырған қара шаңырақ. Г. Саитова да осы оқу орнының түлегі.

Классикалық биден сабақ берген М.П. Габель, былай еске алатын, сол жылы оқуға түскен жастардың арасында Гульнара ең нәзік, ең кішкентайы болатын. Ол би ырғағын, саз әуенін ішкі жан сезімімен түсіне білетін. Оның еңбек сүйгіштігі оқытушыларын тәнті етті, осы бір ерекшелігін басқа шкірттерімізге үлгі ететінбіз. Ол сол жылдары-ақ ұйғыр театры сахнасында өтіп жататын үлкен концерттерге шығып жүрді. Біз одан үлкен үміт күттік.

Иә, ұсаз сенімі алданбапты, оқуды тамамдаған ол Алматы қаласындағы Құдыс Қожамьяров атындағы ұйғыр музыкалық театрына биші ретінде жұмысқа шақырылды. Содан бері театр сахнасында үйрену, толысу, қалыптасу, тәжірибе жинаумен талай жылдар артта қалды. Талантты жас талмай еңбек етуінің арқасында кешікпей-ақ алдыңғы қатарлы биші



атанды. Біраз тәжірибе жинап, сахнаның қыр-сырына қаныққан ол, енді би қоюға көшті.

Бұл салада Г. Саитованың қойылымында көптеген сахналық би туындылары дүниеге келді. «Эхо Востока» атты би бағдарламасы оның орындаушылық шығармашылығында ойып орын алды деуге болады. Бұл бағдарламада бишінің орындаған ауған, араб, қазақ, өзбек т.б. бір қатар халық билері әр ұлтқа тән пластикалық шешімі айқын, ішкі жан сұлулығы мен сезімге толы болса, әжірбайжан, хореозм, ұйғыр билерінде қолданылған ұлттық ойындардың элементтері жарқ еткен алмастай әсер қалдырады. Бұл ретте, әсіресе, «Ләңгі» биі оның биші ретіндегі өзіндік қолтаңбасын айқын аңғартады. Ал, өзбек халқының классикалық «Танавар» биіндегі дене қимылының музыкамен ішкі сезім үйлесімі арқылы ғана адамға әсер етер құдіретін мойындауға болар. Бұл биде музыкалық драматургияның негізі мықты екені көрініп тұрды. Адам жанның ішкі сезімін беруде қоданылған жүріс түрлері мен қол қимылдары «сыбырлап» қана сөйлейтін. Биде қыз бинесіндегі жұмбақ нәрсені күту, көрермен сезетін астыртын ой қиялы да берілген. Көрермен қыздың астыртын сырларын ұғып қалғысы келетіндей. Бишінің өзінің айтуынша, ол үшін көрерменмен байланыс маңызды болды, би бітіп, бишінің белгілі бір кейіпте бітіруінде үлкен сыр жатқандай. Әйелдің бар өмірлік сыры мен мұңын жеткізе алған би мен бишіге қайран қаласың. Би аяқталғандағы тылсым тыныштық көрерменнің сахнадағы биге ойша лесіп кеткенінің куәсі боласың.

Г. Саитованың творчестволық өмірі сан-салалы. Мысалы, өз өнерін шыңдай түсу мақсатыда өзбек халқының «Бахор» би ансамблінде КСРО Халық артисі, белгілі биші Құндыз Миркаримованың басшылығымен бір жыл дәріс алуы өнерге деген жауапкершілігін, сүйіспеншілігін аңғартады. Кейін де Қытай республикасында, Түрік елінде болып, білімін жетілдіре жүріп, өз халқының өнеріне байланысты мағұлыматтар жинастырды.

Ұйғыр халқының классикалық шығармасының інжу-маржаны саналатын «Фәріп-Сәнәм» спектакліндегі би сахналарын көркемдеуде ұлттық

фольклорға көбірек көңіл бөлгенін көреміз. Осы спектакльдің кіріспесіне дайындаған «Мың үй» үңгірі көрінісін бейнелейтін «Ояну» атты биі көрерменін еріксіз ықылым заманға бет бұрғызады. Ал, спектакльдің соңында биленген «Той биі» қойылымы алғаш рет кәсіби сахнаға шыққан ұйғыр халқының ежелгі «Таш ойыны» болатын. Осы театрда көп жылдар бишілік өнерімен қатар балетмейстерлік өнерді де қатар алып жүрген Г. Саитова, ізбасар шәкірттер дайындауды да естен шығармады.

Г. Саитова өзінің шәкірттерін тәрбиелеу мақсатында оқытушылық қызметін өзі білім алған Республикалық эстрада және цирк училищесінен бастап, В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесінде жалғастырды. Қай оқу орнында жұмыс істемесін міндетті түрде өз ұлтының балаларының білім алуына қолайлы жағдайлар жасап жүретіні тағы бар. Ж. Елебеков атындағы Республикалық эстрада және цирк өнері колледжінде тұтас бір топ бишілерді дайындап шығарып, ұйғыр театры жанынан «Рухсара» атты би ансамблін ашып, оның алғашқы репертуарын қалыптастырып берді. Г. Ю. Саитованың алуан түрлі және көп жоспарлы репертуары бар балетмейстер ретіндегі жұмысының шығармашылық әдістері мен қағидаттары, қойылымдардың тақырыбы ұйғыр халқы мен халықтарының ұлттық сипатына бағытталған.

Ұйғыр театрының құрылып, жұмыс істеп отырған жылдарда біраз бишілер мен балетмейстерлер жұмыс атқарды. Ал, Г. Саитова өзінің өсу жолында орындаушыдан ғалым дәрежесіне көтерілген бірден-бір биші.

Жоғары білім алған Г. Саитова ХХІ ғасырдың басында ғылымға бет бұрды. Ұйғыр халқының би мәдениетін зерттеуді қолға алған ол тынымсыз ізденіс пен зерттеулер арқылы өзінің «Уйгурский сценический танец (на примере спектаклей и концертов Уйгурского театра г. Алматы)» атты кандидаттық диссертациясын қорғап шығып, ғалым атанды. Бүгінгі күні ғылым жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген жан. Оның хореография бағытындағы оқу орындарына арнап О. Шубладземен бірігіп жазған «Восточные танцы» (2007 г.) оқу құралы алғашқы

еңбегі еді. Ода кейін шығарған «Уйгурский танец: Истоки. Традиции. Сценическое воплощение.» атты монографиясы (2011 г.) тырнақалды туындылары деуге болады. Бүгін оқытушылық қызметімен ғылымды қатар алып келе жатқан ұлағатты ұстаз. Оның 120-ға жуық ғылыми мақалалары мен 3 оқулық пен 7 (басқа ғалымдармен бірігіп жазғаны да бар) ғылыми монографиялары жарық көрді.

Қоғам бейнесі өзгеріп, уақыты зуылдап өтіп жатса да санқырлы білім сол қалпында қалды. Тек заман үрдісіне қарай әр білім ошағының өзіндік келбеті, бағыт-бағдары, ұстаздар қауымының білімі мен біліктілігі, кәсіптік шеберлігі мен ізденістері арқылы оқушыларға берер тағлым-тәрбиесі мол. Олай болса, Г. Саитова Қазақстан хореография өнерінде шығыс билерінің сахналық үлгісінің қалыптасып, дамуында еңбек етіп келе жатырған жан. Ол осы «Шығыс биі» пәнін оқу бағдарламасына енгізіп, әдістемелік оқу құрадарын, оқулықтар жазды және осы еңбектері үлкен сұранысқа ие.

**Қорытынды.** Гүлнара Юсупжанқызы Саитова өзінің өмірінде шығармашылық, педагогикалық, ғылыми еңбек жолдарында үнемі өсу үстінде болды. Ол балет артисінен бастап, балет солистіне дейін, балетмейстерден бастап бас балетмейстерге дейінгі кезеңінде «Рухсара» би ансамблінің негізін қалаушы және жетекшісі болды. Ол, өнер жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізген өнерпаз. Орындаушы ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1995 ж.), өнертану кандидаты (2005ж.), профессор (2018ж.) атақтарына қол жеткізді.

Бүгінгі күні Қазақ ұлттық хореография академиясында табысты еңбек етуе. Оның өнертану мамандығында оқып жүрген дәрістері мен хореография мамандығы бойынша Шығыс биінен беріп жүрген сабақтары өзінің ерекше қолтаңбасымен ерекшелеген профессор. Алдына қойған жоспарларын орындауда аянбай еңбек етіп жүрген Гүлнара Юсупжанқызының әлі де берері көп екеніне кәміл сенімдіміз.

### **Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:**

1. Байсейітов Қ. Құштар көңіл. – Алматы: Жазушы, 1977. – 224 б.
2. Саитова Г. Уйгурский танец: Истоки. Традиции.Сценическое воплощение. — Алматы: Мир. 2011. – 180 с.

### **References:**

1. Байсейітов Қ. Құштар көңіл. – Алматы: Жазушы, **1977**. – 224 б.
2. Саитова Г. Уйгурский танец: Истоки. Традиции.Сценическое воплощение. — Алматы: Мир. **2011**. – 180 с.